

Қарабұлақ мектеп –бақшасының қамқоршылық кеңесі туралы

Қарабұлақ мектеп-балабақшасының Қамқоршылық кеңесі отырысының

Хаттамасы

Қарабұлақ ауылы

№3

19.03.2024ж.

Қатысқандар:Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры

Күн тәртібінде:

1.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы отбасы және мектеп жанындағы алқалық жиеннің шешімімен әлеуметтік тұрмыстық жағдайы төмен отбасының балаларының тегін ыстық тамақпен қамту және жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына тегін ыстық тамақты ұйымдастыру.

Қаралды:

1.Тындалды: Қамқоршылық Кеңестің төрағасы А.Кулбалаев жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі жоспарымен таныстырып өтті.

Тындалды: Мектеп директоры м.а А.Шарипов қамқоршылық кеңес мүшелерін жұмыс жоспарымен және атқаратын жұмыстарымен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылында жекелеген санаттары бойынша тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйырығымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылында жекелеген санаттарда 15 оқушы тамақтанады. Оның ішінде:

1 санат бойынша-10 бала (аз қамтылған)

2 санат бойынша-4 отбасы (көпбалалы)

Қамқоршылықта -1 бала

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйырығының санитарлық қағидаларына сай асхана жұмыстары ұйымдастырылған. Мектеп асханасы типтік үлгідегі -40 орындық.

Бейне бақылау камералары мектептің асханасында орналастырылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы №64 қаулысына сәйкес

аудан бойынша бірыңғай ас мәзірі бекітіліп беріледі. Ас мәзіріндегі тағамдар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес беріліп отырады. Жалға алушы С.Уайсова.

Сөз алды: Аманкелді негізгі мектебінің ДТІЖО Альбекова А.П. Аманкелді негізгі мектебінің ыстық тамақ беруі тоқталып қалды, асхананың талапқа сай болмауына байланысты сондықтан 1-4 сынып оқушыларына буфеттік тамақтандыру ұйымдастырылып жатыр. Демеуші «Реймкұл» ШҚ Калдыгулов С.Р ауылдағы дүкеннен оқушыларға шырын, печенье, пряникпен қамтамасыз етіп отыр.

Шешім:

1. Жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына 15 оқушы санат бойынша, 1-4 сынып оқушылары - 33 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылсын.

Қамқоршылық Кеңестің төрағасы: *А.Кулбалаев* А.Кулбалаев

Хатшы: *С.Карасаева* С.Карасаева